

**Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы кәсіптік  
біліктілік жөніндегі салалық кеңес (Салалық кеңес) отырысының  
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы  
2024 жылғы 20 маусым сағат 16.00

**Төрағалық етті:** **С. Махамбетов** – Салалық кеңестің төрағасы; «Тұрғын үй саласындағы басқару, сервистік және энергия сервистік субъектілерінің «Шаңырақ» қауымдастығы» жеке кәсіпкерлер және заңды тұлғалар бірлестігінің төрағасы

**Қатысқандар:** Салалық кеңестің мүшелері (*ҚР ӨҚМ 26.10.2023 жылғы № 38 1-қосымшадағы тізімі бойынша, 06.12.2023 жылғы № 115 өзгерістерімен*), 1 шақырылған, барлығы 11 адам.

**Күн тәртібі:**

1. «Әлеуметтік инфрақұрылым ғимараттары мен объектілерін пайдалану» салалық біліктілік шеңберін (СБШ) бекіту туралы;

2. «Коммуналдық қызметтер» СБШ бекіту туралы.

Талқылау нәтижелері бойынша **шешім қабылданды:**

1. Қала құрылысы және тұрғын үй-коммуналдық саясат департаменті директорының орынбасары Ж. А. Байжігітованың «Әлеуметтік инфрақұрылым ғимараттары мен объектілерін пайдалану» және «Коммуналдық қызметтер» СБШ жобаларын әзірлеу бойынша жүргізілген жұмыс туралы ақпараты назарға алынсын («ТҮКШ ҚазОрталығы» АҚ өкілі А. Г. Каменовтың қатысуымен);

2. Салалық кеңестің отырысы кворумның болуына байланысты өткізілді деп танылсын, «Әлеуметтік инфрақұрылымның ғимараттары мен объектілерін пайдалану» және «Коммуналдық қызметтер» СБШ бекітуі үшін: С.Махамбетовпен, Ж. Бәйжігітовамен, С. Худяковпен, Ш. Мамбеталиевамен, Л.Софроновамен, Е. Қарбаевпен, С. Джахановпен, З. Абдиевамен, Д. Молкеновпен, Н. Дүйсенбаевпен «Қабылдау» туралы бірауыздан шешім қабылдасын.

3. ҚР Үкіметінің Ұлттық біліктілік жүйесін дамыту және кәсіптік біліктілік туралы жаңа заңнаманы іске асыру жөніндегі хаттамалық тапсырмаларын орындау мақсатында:

**3.1. «Әлеуметтік инфрақұрылым ғимараттары мен объектілерін пайдалану» СБШ бекітілсін;**

**3.2. «Коммуналдық қызметтер» СБШ бекітілсін.**

4. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы салалық кеңестің хатшысына:

4.1. Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес мүшелеріне осы Хаттамаға қол қоюды және таратуды қамтамасыз ету;

4.2. Бекітілген органның көшірмелерін біліктілік жөніндегі ұлттық органға платформада орналастыру үшін жіберу [career.enbek.kz](http://career.enbek.kz).

**Тұрғын үй-коммуналдық  
Шаруашылық саласындағы кәсіптік  
біліктілік жөніндегі салалық  
кеңестің төрағасы**



**С. Махамбетов**